

Тарихта тұтас ұлттар, халықтар мен мемлекеттердің жер бетінен жойылып кеткен мысалдары көп. Өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап қалу бәрінің басына бұйырған бақ емес. Аталған халықтардың жойылып кетуіне тек сыртқы факторлар ғана емес, ішкі талас-тартыс пен бірліктің жоқтығы әсер етті. Ал бірлігі бекем елдер бір жерге ұйысып, іргесі беки түсті.

Бүгінгі сіз бен біз бастан кешіп отырған жаһандану үрдісі осы күні ғана пайда болған жоқ. Осыдан мыңдаған жыл бұрынғы жаһандануда да талай елдің болашағына қауіп төнді. Басқаша айтқанда жаһандану дегеніміз – елдерді біріктіріп, түрлі салаларын жалпыға ортақ бір қалыпқа келтіретін үрдіс. Осы күні ғалымдар жаһандануға қатысты екі түрлі болжам жасап отыр. Оның біріншісі бойынша ұлттық мәдениеттер бірігіп, ортақ кеңістік пайда болмақ. Ал екінші болжамда өркениеттер қақтығысы туындауы мүмкін екені айтылады. Қалай десек те алдағы уақытта тек жаңа заманға бейімделіп, өзгере алған мәдениеттер ғана тарих сахнасындағы өз орнын ұстап қалмақ.

ЮНЕСКО құжаттарында адамзатқа биологиялық алуан-түрлілік қаншалықты қажет болса, мәдениеттер алуантүрлілігі

де соншалықты қажет екені айтылады. Ал мәдениеттердің бір-біріне тым жақындасуы адамзаттың ертеңгі күніне қауіп төндіруі мүмкін.

Әлем елдерімен қатар Қазақстан да түрлі салада жаһанданудың әсерін сезінуде. Соған сай елімізде соңғы жылдары мемлекеттік құрылымның жаңа стратегиялары пайда болды. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы нәтижесінде еліміз сындарлы кезеңнен аман өтті. Ал бүгін аталған ұйым мемлекеттік саясатты жүргізіп, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басты құрал болып отыр.

Ассамблеяның әр құрылымдық бөлігі өз қызметін атқарып қана қоймай бір-бірін толықтырып, оның жұмысын қамтамасыз етіп отыр. Соның ішінде жастар арасында бірлік пен келісімді, патриотизмді насихаттаудағы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының орны зор. Жоғары оқу орындарын татулық пен бірлікті нығайту ісіне тарту үшін 2013 жылы бірқатар оқу орын-

дарында кафедралар ашылды. Бүгінде олардың саны қырыққа жуықтайды. Алғашқылардың бірі болып ашылған Солтүстік Қазақстан университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасына биыл 10 жыл толды. Кафедрамызға ерекше міндет жүктеліп отыр. Соңғы өзгерістерге сай енді бізге АҚШ пен ТМД және алыс жақын шетелдерден келген студенттердің басын біріктіріп, олардың арасында берік диалог орнату қажеттілігі туды.

Мұндағы білім беру, тәрбие жұмысы басқа ұйымдармен тығыз байланыс аясында жүзеге асады. Кафедрада түрлі элективті пәндердің іргетасы қаланады. Бұл пәндер жастарға Қазақстанның өткені мен бүгінін жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Одан бөлек мамандар этнопеддагогика, этнодемография, дінтану, этнопоэтика, туризм, медиация, қайырымдылық бойынша түрлі материалдар әзірлейді. Кафедра түрлі деңгейдегі шаралар мен конференцияларға бастамашылық етіп келеді.

Ассамблея кафедрасында ай



сайын этно-мәдени бірлестіктерге, қызметкерлер мен студенттерге арналған ғылыми-әдістемелік семинарлар, вебинарлар ұйымдастырылып тұрады.

Біздің жұмысымыздың маңызды бағыттарының бірі – мониторинг жүргізу. Мониторингтер түрлі мәселелерді анықтап, шешім шығаруға мүмкіндік береді. Оның қорытындысы негізінде ұсыныстар беріліп, жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жұмыстардың бәріне студенттер қауымын тартуға да назар аударылады. Оқытушылардың жетекшілігімен білім алушы-

ларды түрлі шаралар мен байқауларға қатыстыру олардың азаматтық белсенділігін арттырып, Отанға деген сезімін оятады. Студенттердің кафедра қабырғасында практикадан өтуі де жұмысымыздағы жаңашылдықтардың біріне айналмақ.

Өз жұмысымызда университет студенттерімен тәрбие жұмысын жүргізуге де мән береміз. Мұндағы басты мақсат – жаңа тәсілдер мен шешімдерді пайдаланып, жастармен тиімді жұмыс істеу. Сондықтан да біз үнемі іс-шаралар өткізудің жаңа тәсілдері мен формаларына жүгінеміз. Бұл ретте өтетін шаралардың бұқаралық сипат алып, БАҚ беттерінде жариялануы маңызды. Осы жұмыстардың бәрі тек студенттерді ғана емес, жалпы білім беретін мекемелерді де қамтуы керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасында түрлі тақырыптағы байқаулар да ұйымдастырылады. Даңқты жерлестерімізді дәріптеу, маңызды мерекелерді атап өту, жергілікті туризмді дамыту бағытындағы

жоба, эссе байқаулары өтіп, шығармашыл жастардың жинақтары басылып жатады.

Қайырымдылық бағыты бойынша семинарлар мен акциялар өтіп, жастар балалар үйі, қарттар үйіне барып, көмек қолын созып жүр.

Өз жұмысымызда біз жергілікті атқарушы билікпен, Ассамблея филиалымен, түрлі ұйымдармен, партиялармен, оқу орындары, серіктестіктермен белсенді жұмыс істейміз.

Бұл жұмыстың барлығы елдегі бірлікті нығайтып, татулығымыздың іргетасын берік ету үшін керек. Біз жастармен жұмыс істей отыра, оларға ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, дұрыс жолға бағыттаймыз. Араздық пен дау-жанжалдардың алдын аламыз. Қазіргідей алмағайып заманда елдің тыныштығы мен бірлігін сақтау аса күрделі міндет. Осы міндетті орындауда Қазақстан халқы Ассамблеясы да өз үлесін қосуда. Биыл 10 жылдық мерейтойын атап өтетін кафедра алдағы уақытта да осы бағытты ұстанып, ынтымағымызды нығайту жолындағы қызметін жалғастыра береді.

Людмила ГРИВЕННАЯ,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың “Қазақстан халқы
Ассамблеясы” кафедрасының
меңгерушісі.